

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы «Көкбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы марапаттауға ұсыну жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

« 11 » 09 2023 жыл

№...1

Көкбұлақ ауылы

Төрағалық етуші: 1. Бекбаев А.- Көкбұлақ орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры м.у.а, комиссия төрағасы

Хатшы: Избасарқызы А.

Комиссия мүшелері:

2. Амандыков Ж.Б. – мектеп қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы
3. Есенгулова Б.С. – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
4. Бактыбаева К.Т. – жаратылыстану пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі
5. Еменов Е.А. – қамқоршылық кеңес төрағасы

Күн тәртібінде:

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы «Көкбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерін Оқу-ағарту министрінің алғыс хатына ұсыну туралы

Талқыланды:

«Көкбұлақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің қолдаулары негізінде, комиссия отырысына келіп түскен ұсыныстарды саралай келе, «Көкбұлақ орта мектебі» КММ-нің жанындағы білім саласы қызметкерлерін марапаттау жөніндегі комиссия ауданның білім беру саласында үздіксіз қызмет етіп, шығармашылық жұмыстарымен жетістіктерге жетіп жүрген «Көкбұлақ орта мектебі» КММ-нің 43 жыл еңбек өтілі бар, физика пәнінің мұғалімі, Сары Жетібай Байнауырызұлы ауданның білім саласына қосқан еңбегін ескере отырып, Оқу – ағарту министрінің алғыс хатына ұсыну туралы мәселе талқыланып, оқу – ағарту министрінің алғыс хатына ұсынылады.

Сөз сөйлеушілер:

1. Б.С. Есенгулова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Сары Жетібай Байнауырызұлы – заман талабына сай шығармашыл ұстаз. Бірнеше жыл Көкбұлақ орта мектебін басқарды. Сары Жетібай Байнауырызұлы – көптеген шәкірттерінің жүрегінен жол таба білген үлгілі ұстаз. Педагогтерге арналған облыстық, аудандық алғыс хаттармен марапатталған. Құрмет грамотасының иегері.

2. Ж.Б. Амандыков - мектеп қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы

Сары Жетібай Байнауырызұлы – жаңалыққа жақын, жаңа цифрлық технологияларды өз сабақтарына шебер үйлестіріп, өз сабақтарын оқушы қызығушылығын арттыруға пайдалана білетін ұстаз. Сары Жетібай Байнауырызұлы – кеңестік кезеңде де, Тәуелсіз Қазақстан тарихында да өз пәнінен көптеген марапаттарға ие болған педагог.

3. Бактыбаева К.Т. – жаратылыстану пәндері әдістемелік бірлестігінің жетекшісі

Сары Жетібай Байнауырызұлы – адамгершілігі мол, шәкірттерінің зор құрметіне бөленген ұстаз. Мінезі – ашық, шығармашылық қабілеті жоғары тұлға. Жаратылыстану ғылымдарын жетік меңгерген ұстаз және өз ісіне жауапкершілікпен қарайды. Оқу – ағарту министрінің алғыс хатына ұсынылуы лайықты деп есептеймін.


4. Еменов Е.А. – қамқоршылық кеңес төрағасы

Сары Жетібай Байнауырызұлы – білім беру саласындағы шығармашылық жұмыстары мен тәуелсіз еліміздің болашақ иелерін тәрбиелеуде аудан, облыс, республика көлемінде танымал ұстаз.


Шешім қабылданды:


«Көкбұлақ орта мектебі» КММ-нің физика пәні мұғалімі Сары Жетібай Байнауырызұлы
Оқу – ағарту министрінің алғыс хатына ұсынылды.

Төрағалық етуші: А.С. Бекбаев 

Хатшы: А.Ізбасарқызы 

Комиссия мүшелері:

Ж.Б. Аамандыков 

Б.С. Есенгулова 

К.Т. Бактыбаева 

Е.А. Еменов 